

ӨЗЕН



www.ozen.kz

№10 (15) ҚЫРКҮЙЕК

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

Ардақты ағайын! Құрметті мұнайшылар!

Баршаңызды мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Өзен – елімізде өзіндік орны бар, тарихы терең, танымал кенорын. 1961 жылы 15 желтоқсанда Михаил Кулебякиннің бригадасы Өзен кенорнынан алғашқы мұнай фонтанын алды. Осы тарихи сәт Маңғыстау өлкесінің жаңа дәуірге бетбұрыс жасауына себепкер болды.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы 50 жылдан аса уақыт ішінде тек Маңғыстау деңгейінде ғана емес, республика көлемінде өзіндік орны бар, еліміздің экономикалық дамуында жетекші рөл атқаратын ауқымды кәсіпорынға айналды.

Қазіргі таңдағы өндірісті модернизациялау бағдарламасы аясында іске асып жатырған ірі жобалар мен әлеуметтік саладағы тың жоспарлар біздің жарқын болашағымыздың іргетасын қалап отыр.

Мұнай өндіру көрсеткішінің жоғарылауы мен құлдырауы әуелде де болды. Бір уақыттары жылына 16 миллион тонна мұнай өндірген кез болды, бұл көрсеткіш 2,5 миллион тоннаға төмендегенін де көрдік. Алайда қандай қиыншылық болса да, намыс пен жігер қамшылап, Өзен мұнайшылары абырой биігінен көріне білді.

Уақыт пен қалыптасқан ахуал алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр. Ал қазіргі таңдағы ең басты міндет – өндірістік көрсеткішімізді жақсарту. Соның ішінде мұнайды жоспарға



сай орындау баршамыздың алдымызда тұр. Жоспарға сай өндірілген мұнай қаржылық-экономикалық жағдайымызды жақсартуға мүмкіндік береді, еңбекақы және әлеуметтік міндеттемелерді орындауға септігін тигізеді, өндірістік жобалардың ойдағыдай жүзеге асуына жәрдемдеседі, ең бастысы, ұжымға сенім мен күш сыйлайды.

Әрине, барлық бастамалардың сәтті іске асуының қайнар көзі – еңбек адамы. Шынайы жұмыс істеп, ақ-адал еңбегімен ел ырысын еселеп жүрген Сіздерді біз қашанда құрмет тұтамыз. Мұнайшы мәртебесінің биік болып, олардың алаңсыз еңбек етуіне қолымыздан келген жұмыстарды атқара береміз.

Кәсіби мереке қарсаңында баршаңыздың жұмыстарыңызға береке, дендеріңізге саулық, отбасыңызға амандық, ұзақ өмір, Отанымызға тыныштық және Компаниямызға кемел келешек тілеймін. Мереке құтты болсын!

**Ізгі тілекпен,
Бекзат АБАЙЫЛДАНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.**





Арнайы техника тапсырылды

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ БІЗДІң ЖАС МЕМЛЕКЕТИМІЗДЕ ШЕШУШІ РӨЛГЕ ИЕ. ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРІСІ САЛАСЫ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЖАҢАӨЗЕН ЕЛІМІЗДІң ҚАЗЫНАСЫНА «ҚАРА АЛТЫНЫН» ТОҚТАУСЫЗ ҚҰЙЫП ЖАТҚАН ІРІ ӨНДІРІС ОШАҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

Жетінші қыркүйек күні мұнай газ өнеркәсібі қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты транспорттық басқармаларға арнайы техниканың кілті табысталды. Бұның бәрі мұнайшылардың еңбек жағдайын жақсарту,



өндірістік саланы дамыту мақсатында жүзеге асырылуда. Мерекелік шара Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасында өтті. Салтанатты жиында «Өзенмұнайгаз» АҚ бас

директоры Бекзат Абайыданов құттықтау сөз сөйлеп, арнайы техниканың кілті салтанатты түрде көлік жүргізушілеріне табыстады.

– Биылғы жоспар бойынша «ӨМГ» АҚ-ға қарасты

транспорттық басқармаларға 124 техника тапсыру жоспарланған. Бүгінгі шарада сол 124 көліктің 71-і беріліп отыр. Қалған техникалар жылдың соңына дейін тапсырылады, – деді бас ди-

ректор Б.Абайыданов. Айта кететініміз, арнайы техникалар отандық тауарлар екен. Ауыр жүк көліктері Көкшетау қаласында орналасқан «Кама-

зинженеринг» АҚ және Петропавл қаласындағы ауыр машина жасау зауытынан алынған. Арнайы техникаларды жаңалау өндірісті алға қарай дамытудағы алғы шарт болып табы-



ректор Б.Абайыданов. Айта кететініміз, арнайы техникалар отандық тауарлар екен. Ауыр жүк көліктері Көкшетау қаласында орналасқан «Кама-

зинженеринг» АҚ және Петропавл қаласындағы ауыр машина жасау зауытынан алынған. Арнайы техникаларды жаңалау өндірісті алға қарай дамытудағы алғы шарт болып табы-

лады. Ендеше арнайы көлікті иеленген мұнайшылардың еңбегіне табыс, компанияға жоғары өндірістік көрсеткіштер тілейміз. Гүлсім ОСПАН.



«БАБАЛАР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН»

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ 19-20 ТАМЫЗ КҮНДЕРІ «БАБАЛАР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН» АТТЫ ТАРИХИ-ТАНИМДЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯҒА ШЫҚТЫ. ТУҒАН ЕЛДІң ТАУ-ТАСЫН ТАНЫП, БІЛУГЕ ДЕГЕН ҚҰШТАРЛЫҚ Осынау САПАРҒА 35 ЖАС МАМАННЫң БАСЫН БІРІКТІРДІ. САПАРҒА РЕСЕЙДЕН КЕЛІП ҚАТЫСҚАН ЖАСТАР ДА БОЛДЫ.

Экспедицияның мақсаты туған жердің табиғатын, тарихын тану, шежіресімен танысу арқылы асқақ рухты азамат тәрбиелеу және жастардың бойына отансүйгіштік қасиетті дамыту болды.

Мақсатты сапарымызды Шопан ата жерасты мешітінен бастадық. Бозжыра таулы мекендерімен жүріп өтіп, небір тамашаға тап болдық. Кезінде алып мұхит Тетистің табаны болған бұл жерден теңіз жәндіктерінің қалдықтары мен іздері көптеп кездесетініне тағы бір рет көз жеткіздік. Мамандығы бойынша геологтар да арамызда болды. Олар біздерге тау мен тастың қатпар-қыртысын тереңірек танытуға өз үлестерін қосты. Келесі аялдаған жеріміз – Оғландыдағы Бекет атаның жер асты мешіті. Қаншама рет көріп жүрсек те, топпен барып тарихи жерді көру, зиярат ету,

ерекше сезімге бөледі. Сәулетті жерден «Әр қазақ менің жалғызым» деп жырлаған ақын Сабыр Адай ағамызды кездестіріп, пікірлесуіміздің өзі рухани демалыс болды. Атаның басына түнеп, таңмен «Кендірлі» демалыс орнына аттандық. Екі күнге созылған сапарымыздың бұл соңғы нүктесі болды. Қаншама шақырымдарды артқа тас-



Иә, бұл - киелі де қасиетті Маңғыстау өлкесінің жүзден бір бөлігі ғана. Туған топырақты тануға деген құлшынысы жоғары жас мамандарды алда қызықты сапарлар күтіп тұр. Осындай тамаша экспедицияға қолдау білдірген «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайыданов, бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров, транспорт-

пен қамтамасыз еткен Транспорт жөніндегі басқарушы директор Айтқали Башенов, Транспорт департаменті директоры Болат Бекжанов және Әлеуметтік әкімшілік департаментінің директоры Бауыржан Жұбаназаров мырзаларға алғысымызды білдіреміз.

«Өзенмұнайгаз» АҚ жас мамандары еңбекте ғана алда емес, қоғамдық шараларда да белсенді. Жұмыстан тыс демалыс күндерін осындай рухани даму, кемелдену шараларына арнайды.

Бауыржан БАЙЫМБЕТОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің төрағасы.



Басты құндылығымыз — АШЫҚТЫҚ

«Өзенмұнайгаз» АҚ-да кадр саясаты өз жұмысын әр түрлі бағытта жүргізіп келеді. 2017 жылғы қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі – өндірістегі мамандар жетіспеушілігі мәселесін мердігер мекемелер, еншілес компаниялар арқылы толықтыру жұмыстарын одан әрі жалғастыру болатын. Жыл басынан бергі 8 айда персоналды басқару бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, жұмысқа қабылдауға жарияланған мораторийге байланысты персоналды ұсыну қызметін көрсетуші мердігер мекемеден жұмыс күшін тарту, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ, «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ еншілес компанияларынан жұмыскерлер ауыстыру жүзеге асып жатыр. Мердігер мекемеге жұмыскерлерді қабылдау белгілі талап бойынша жүргізіліп келді. Яғни мердігер мекемеге жұмысқа алынатындардың 50 пайызын Жаңаөзен қаласының әкімдігі тарапынан жіберілетін тұрғындар құраса, 50 пайызын қоғамның зейнеткерлікке шыққан жұмысшыларының балалары құрайды деген тәртіппен жүргізілді. Алдағы уақытта өндірістік қажеттілік негізінде қандай да бір мамандықтарға сұраныс туындаған жағдайда мердігер мекемеге жұмысқа қабылдау жоғарыда көрсетілгендей тәртіппен іске аса беретін болады.

Өткен 2016 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-дағы босаған ваканттық жұмыс орындарын еншілес мекемелер арқылы толықтыру жұмыстары басталып кетті. 2017 жылы да осы бағытта жұмыстар одан әрі жалғасын табуда. Келісім бойынша еншілес мекемелерден ауысу жұмыскерді қабылдаушы мекеменің сұранысына сай, өндіріс жұмысының ырғағын сақтай отырып және технологиялық процестерге зиян келтірмей, бос ваканттық орынға тараптардың келісімі негізінде іске асып келеді. 8 айдың қорытындысы бойынша ішкі ауысуларға тоқтала кетсек, бірінші кезеңде «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ның «Өзенмұнайсервис ЖШС», «КҚС» ЖШС, «KMG-ERCatering» ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС және «СӨТБ» ЖШС секілді Жаңаөзен қаласындағы мекемелерінен 129 жұмыскер ауыстырылса, «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ның Маңғыстау облысында орналасқан «Қаражанбасмұнай» АҚ, «УТТИОС» ЖШС, «Тұлпармұнайсервис» ЖШС және «Argumak Trans Service» ЖШС секілді еншілес мекемелерден 46 жұмыскер ауыстырылды. Екінші кезеңде «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ға қарасты еншілес компаниялардан ауысатын жұмыскерлер

болмаған жағдайда, «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-ның еншілес мекемелерінің Жаңаөзен қаласында тұратын жұмыскерлерін ауыстыру жүргізіліп бастады. Атап айтсақ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «МЭМ» ЖШС, «ОТК» ЖШС, «ОКК» ЖШС, «ОС» ЖШС-дан барлығы 65 жұмыскер ауыстырылды.

2017 жылдың басынан бері жалпы саны 245 жұмыскер ауыстырылды. «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты негізгі өндірістік басқармаларға 86 адам (негізінен МГӨ операторы, слесарь-жөндеуші мамандықтарына), транспорттық басқармаларға 94 адам (автокөлік жүргізушісі), қосалқы басқармаларға 61 адам (электромонтер, БӨЖА слесарі) еншілес мекемелерден ауыстырылды. Алдағы уақытта «ҚазМұнайгаз»БӨ» АҚ-на қарасты еншілес мекемелерден ауысқысы келетін 9 жұмыскерлермен, «ҚазМұнайгаз»ҰК» АҚ-ға қарасты еншілес мекемелерден ауысқысы келетін 22 жұмыскермен талаптарға сай жұмыс жүргізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, айта кететін жағдай, Қоғам тарапынан жұмыскерлердің біліктілігін арттыру бағытында да бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Персоналды басқару және дамыту департаментінің тағы бір жұмыс бағыты

Қоғамның стратегиялық даму жоспарына негізделген. Атап айтқанда, өндіріске жаңа қолданысқа енетін технологиялар мен қондырғылар және салынатын жаңа құрылыс объектілері бойынша мамандар оқытылады.

Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, даярлау, қайта даярлау мақсатында 2017 жылғы жоспар бойынша оқу үрдісінің жаңа бағыттарына тоқталатын болсақ, 2017 жылдың 8 айында 1453 адам 13 бағытта оқытылды. Оның ішінде міндетті оқулардан 997 қызметкер өтті және экономика, қаржы саласы бойынша бухгалтерлерді сертификацияланған бағдарламалар яғни «Кәсіби бухгалтер» атағына 13 және DipIFR ACCA бағдарламасы бойынша 3 қызметкеріміз оқытылуда.

2017 жылдың 16 қаңтарынан 28 шілде аралығында Қоғамның әр саласында жемісті еңбек етіп жүрген 12 маман іріктеліп, өздерінің кәсіби біліктерін жетілдіру мақсатында Италияның ENI компаниясында «Барлау және өндіру саласындағы Эни қызметінің ең жақсы тәжірибелеріне, процестеріне кіріспе» атты тақырыбы бойынша алты айлық курсқа қатысты. Олар Қоғам мен ENI компаниясы арасында жасақталған екіжақты келісім-шарт аясында жарты жыл бойы геология, қауіпсіздік техникасы, экология және мұнай кенорындарын игеру салалары бойынша теориялық және практикалық тәжірибеден өтті. Сондай-ақ компания басшылығы сәуір айының 27-29 жұлдызы аралығында «Кендірлі» демалыс аймағында үш күндік Адизес әдістемесінің 1-ші бағыты синергетикалық диагностика бойынша оқу курсына аяқтады. Қоғамды басқаруға арналған курсқа бас директор, оның орынбасарлары және барлық басқарма директорлары қатысты.

Адизес әдістемесінің оқу курсы 11 бағытқа бөлінді. Осы орайда Мәскеу Адизес институтынан келген консультант-тренер корпорацияны басқару бойынша халықаралық

тәжірибелердің озық үлгісімен бөлісті. Жалпы бұл бағытта оқыту өткен жылы басталған болатын. Баку қаласында өткен Адизестің қысқа мерзімдік курсына «Өзенмұнайгаз» АҚ басшысы, орынбасарлар мен департамент директорлары және басқарма директорлары қатысып қайтқан болатын.

2017 жылы өндірістік-техникалық бағыт бойынша да қысқа мерзімді бірқатар оқытулар жүргізілді.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының стратегиялық дамуында алға қойған мақсаттарының бірі – Қоғам басшыларына арналған MBA бағдарламасы бойынша мамандардың біліктілігін арттыру болып табылады. Осыған байланысты, 2014 жылдан бастап Қоғам мен Назарбаев Университетіндегі Жоғарғы Бизнес Мектебімен қарым-қатынас орнатылған. Назарбаев Университеті Жоғарғы Бизнес Мектебінің басшыларға арналған EMBA бағдарламасы жұмыс істеп жатқан кәсіпқойларды сандық және сапалық тұрғыда ұйымды басқару үшін қажетті дағдыларға үйретеді. 2017 жылы бұл бағытта 4 қызметкеріміз оқытылды. Сондай-ақ Қоғам мен И.М.Губкин атындағы Ресей Мемлекеттік Университетінің екі жақты келісім шарты арқылы «Мұнай және газ ісі» бағытында «Көмірсутекті жүйелерді модельдеу технологиялары» атты магистерлік бағдарламасына Қоғам бойынша 2 қызметкер 2017-2019 оқу жылы аралығына оқуға жолданды.

2017 жылдың 1 маусымынан бастап ағылшын тілінің Beginner, Elementary, Pre-Intermediate және Upper-Intermediate деңгейлері бойынша 45 қызметкер оқытылуда.

Компания болашағы – іскер, білімді мамандардың қолында екенін ескере отырып, алдағы уақытта халықаралық деңгейдегі сертификатталған оқыту түрлерін ұйымдастырып оқытуды көздеп отырмыз.

Ерболат СӨРСЕНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директор.



Мамандар біліктілігін арттырды

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында 24-26 тамыз аралығында «Өзенмұнайгаз» АҚ инженерлік техникалық жұмысшыларының қатысуымен Жаңаөзен қаласында мұнай және газ қорын басқару, бағалау халықаралық стандарты PRMS жүйесі бойынша «DeGolyer and MacNaughton» компаниясының бағдарламасы негізінде 3 күндік оқу семинары өткізілді.

Petroleum Resources Management System қысқаша PRMS, көмірсутегі қорын есепке алу және бағалау SPE мұнай-газ өндіруші инженерлер қоғамы 1997 жылы енгізген, әлемде кең таралған жүйенің бірі болып танылады. Көмірсутегі өндіру және барлау саласындағы ірі компанияларда өз қорларын бағалау және аудит өткізу кезінде аталған жүйе қолданылады. Өзен және Қарамандыбас кенорындарының жыл сайынғы мұнай және газ қорының тәуелсіз аудиті, осы саладағы халықаралық «DeGolyer and MacNaughton» компаниясының көмегімен жүргізілуде. Аудит әлемдік тәжірибеге сәйкес PRMS жүйесінде

есептеліп, көмірсутегі қорының жағдайы арнайы категория 2P (дәлелденген және ықтимал) қоры бойынша жарияланады.

Семинар барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік басқармалары мен кәсіпшілік геологтары мен геология және игеру бөлімінің қызметкерлері PRMS жүйесімен танысып, бұл жүйедегі мұнай қоры жағдайының есебін сапалы түрде бағалау, сонымен қатар жылма-жыл жасалатын аудиттің маңыздылығын түсінді, қор есебі жөнінде жан-жақты сұрақтарға жауап алды. Оқу семинарының арнайы тест қортындысы бойынша қатысушыларға курсты сәтті аяқтағандары жөнінде сертификаттар табыс етілді.

Есепшілергі оқыту курсы басталды

«Өзенмұнайгаз» АҚ есепші қызметкерлерінің жалпы білім деңгейін арттыру, кадрлық резерв дайындау мақсатында оқыту курсы басталды. Есепшілер онда қаржы есебінің халықаралық стандарты, эксель бағдарламасы, есепті кезеңді жабу, аудит, салық бойынша оқытылады. Ұйымдастырушылар барлық басқармаларды қоса есептегенде 100-ден аса маманды 20-30 адамнан топтарға бөліп оқытуды жоспарлап отыр. Болашақта компанияның бухгалтериясына резервтегі кадр есебінде тұрғысы келетін қызметкерлерді де оқытуды қолға алмақ. Қызметкерлер жұмыс уақыттарынан тыс кезде корпоративті оқыту орталығында курстан өтетін болады.

Анар ОСПАНОВА,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қаржы директорының бас есепшісінің орынбасары.

Жұмысшыларға — жаңа нысан

№3 МГӨБ қарасты №1 мұнай-газ кәсіпшілігінің 60-топтық қондырғысы жұмысшыларына арналып мәдени үйшік қолданысқа берілді. Әлеуметтік нысанның кілті мұнайшылардың кәсіби мерекелері қарсаңында табысталды. Үйшіктің жалпы аумағы 162 шаршы метр. Құрылыс жұмыстарын мамыр айында «Кенқұрылыссервис» ЖШС қолға алып, жоспарға сай уақытылы тапсырған. Үйшікте ерлер және әйелдерге арналған бөлек киім ауыстыру, жуыну бөлмелері бар. Оған қоса ас үйі жиһаздармен қамтылған. Қажетті тұрмыстық техникалары алынған.

№3 МГӨБ әлеуметтік әкімшілік қамту бөлімінің басшысы Шалқар Нұрлыбаева: «Бұрын-соңды болмаған заманауи кешенді мәдени үйшіктің салынуы топтық қондырғы қызметкерлерін қуантып отыр. Онда жұмысшылардың таза жүріп, жайлы еңбек етулеріне, тиесілі уақыттарында демалуларына барлық жағдай жасалыпты», – дейді.



Мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі «Өзенмұнайгаз» АҚ-да тойланды. Мереке қарсаңында бірнеше ауқымды шара ұйымдастырылды. Солардың бірі – қоғам қызметкерлерін құттықтауға арналған салтанатты жиналыс.



қимылдай білсек, қиыншылықты еңсеруге мүмкіндігіміз мол. Ардақты мұнайшылар! Баршаңызды бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шат-шадыман қуаныш тілеймін. Кен игеру жолындағы қастерлі кәсібіміз ырыс пен құттың бастау бұлағы

акционерлік қоғамының «Құрмет Грамотасымен» С.Бөкенов, Ж.Қайырбаев, Г. Бекмұханов, С.Төлегенов, Р. Шалмұханов, Т.Боранов, А.Бекболатов, Т.Таумұрынов, С.Мұстафаев, А.Дарменов, З.Бердиев, Б.Жанұзақова, С.Әбілжанов, Ғ.Бинеубаев, Н.Мусыров, Ш.Қойшығараева, М.Менливали, Г.Каналиев, А.Бекенов, М.Құрманов, И.Ешпанов, Қ.Мусаев марапатталды. Сондай-ақ, мұнай-газ

жанов Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің медалімен, Ұзақбай Досанов Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Наурыз Рахметов «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-Ауқат» қорының Құрмет грамотасын иеленсе, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының Құрмет грамотасымен марапатталып, Т.Бултеков, М.Тоқпанов, С.Отаров, А.Сисенбаев, К.Дүйсенов, Қ.Абилов,

МҰНАЙШЫЛАР

құрмет құшағында

Мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған салтанатты жиын «Мұнайшы» мәдениет сарайында өтті. Онда 400-ге тарта сала мамандары жиналды. Алдымен Өзен кенорнының қысқаша тарихы баяндалып, өткен ғасырдың 60-жылдары мұнай фонтанының атқылап, «қара алтын» өндірісінің алғаш қолға алынғаны айтылды. Ғазиз Әбдіразақовтың бригадасы тұңғыш газ бұрқағын алса, 1961 жылы 15 желтоқсанда Михаил Кулебякиннің бригадасы ең алғаш мұнай фонтанын алып, көпті қуантқан еді. Ал 1964 жылы 15 шілдеде Өзен мұнай газ өндіру кәсіпшілігі құрылды. Кәсіпшіліктің алғашқы басшысы белгілі мұнайшы Рахмет Өтесіновтің болғандығы да жиынның алғы сөзінде айтылды. Өзен кенорны ашылған уақытта оның жалпы қоры 1 млрд. 141 миллион 832 мың тонна, оның ішінде алуға болатын мұнай қоры 497 миллион 773 мың тонна деп есептелді. 1964 жылдан қазіргі таңға дейін «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы ұжымы 377 миллион 243 мың тонна мұнай өндірді. Ал қалдық қор 120 миллион 530 мың тоннаны құрайтындығы да залдағы көпшілікке жеткізілді. Компанияда іске асырылып жатқан өндірісті модернизациялау жұмыстары да жиналғандардың назарына берілді. Жоба аясында Жерасты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау цехі, скважиналарды тұншықтыруға арналған сұйықтық дайындау цехі, Шоғырландырылған сораптар станциялары, Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасында зерхана салынған. Сонымен бірге өндіріске заман талабына сай жаңа технологиялар енгізіліп, «Трикантер», «Колтубинг» қондырғылары пайдалануға берілген. Осын-

дай игілікті шараларға қатысып яғни өндірістің қарқынын бәсеңдетпей, Өзен және Қарамандыбас кенорындарын игеріп отырған «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты 16 құрылымдық басқармадағы 9000-нан аса қызметкер екенін қос жүргізуші салтанатты түрде айта келе, бүгінгі жиналыстың себебін сол мұнайшылар

болғай! – деді. Өз кезектерінде Ұлттық Тау-кен академиясының президенті, техника ғылымдарының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының мүшесі Нұрлан Рыспанов, Жаңаөзен қаласының әкімі Елубай Әбілов, «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы

саласының дамуына қосқан үлестері үшін Маңғыстау облысы әкімі Ералы Тоғжановтың «Құрмет грамотасын» Х.Бесімбаев, Х.Утеулиев, Х.Ирзаев, Б.Айбергенов, А.Мұрзағалиев, С.Исатаевтар, ал Жаңаөзен қаласы әкімінің «Алғыс хатын» О.Сариев, М.Құлбеков, Е.Жоламанов, Т.Түрсабеков

Қ.Өтепбаевтардың мерейі өсті. Кәсіби мерекелеріне орай «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясының естелік белгісімен С.Утеулиев, Т.Утекасимов, О.Еділов, Н.Надыровтар марапатталды. Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік



қауымының кәсіби мерекесі екендігімен түсіндірді.

Мерекелік алғашқы құттықтау сөзді «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайыданов сөйледі.

– Құрметті әріптестер! Өндірістік жоспарды орындауда қаржы, технология, өзге де құралдар маңызды рөл атқарады. Бірақ мақсатқа жетудің ең бірінші кілті – ауызбіршілігіміз және еліміздің тыныштығы. Бірлесіп жұмыс істеп, жауапкершілікпен

Наурыз Сақтағанов мұнайшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ел экономикасының дамуына үлес қоса берулеріне тілектестіктерін білдірді.

Мерейлі күнде еңбек адамдарының аттары аталып, абыройлары асқақтамай қалмады. Жалпы саны 70-тен аса сала маманы түрлі марапаттарды иеленді. Атап айтар болсақ, Өзен кенорнының дамуына қосқан сүбелі үлесі және ұжымдағы өнегелі үлгісі үшін «Өзенмұнайгаз»

сынды қызметкерлер иеленді. «Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымы тарапынан Өзен кенорнының дамуына қосқан үлесі үшін А.Сарсенов, А.Джанаев, А.Сағынов, Н.Досанов, А.Күзенбаев, Ш. Уткилов, Р.Ауылбаев, М.Өтеғұлов, Е.Такишев, А. Аминов, Ә. Бинеубаев, А.Ізжанов, Е.Ізмагамбетов, Е.Сүгіров, С.Сайынов, Ү.Дауымшаров марапатталды. Сонымен бірге Мұнай газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін Болат Бер-

қоғамының Құрмет грамотасымен Н.Искендіров, А.Аймағамбетов, Қ.Қарабалаев, А. Сүндетбаев, Р.Бұхабаева, «Алғыс хатымен» Қ.Халбаева, Ә.Боранбаев марапатталды. Мұнай саласына қосқан үлесі үшін Есен Утеев «Тау-кен саласының батыры», Бекболат Нұрлыбаев «3-дәрежелі Құрметті кенші», Мұрат Қожабергенов «Кенші үздігі» Құрмет белгілеріне ие болды. Мерекелік жиналыста өнерпаздардың концерттік



бағдарламалары да болды. Бір ерекшелігі, қоғам қызметкерлерінің өздері ән мен күйден шашу шашты. Өзен кенорнын игеруде ерлермен қатар еңбек етіп жүрген екі мыңға жуық қыз-келіншектер бар. Олардың бірқатары залдан табылды. Мұнайшы арулардың құрметіне Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету

қызметкері Жанқожа Атаниязовтың, Аппарат басқармасының қызметкері Жаңыл Қойшыбаеваның көрсеткен өнерлеріне әріптестері разы болды. Сондай-ақ салтанатты жиында жергілікті өнерпаздар да бой көрсетті. Ал осы мерекелі күнде Жаңаөзенге арнайы келген еліміздің жарық жұлдызда-



басқармасының қызметкері Әнес Қарабасовтың шырқаған «Мұнайшы қыз» әні үлкен әсер қалдырды. №1 Мұнай газ өндіру басқармасының қызметкері Ерлан Жұматовтың жас мамандарға арнаған әні, Бұрғылау жұмыстары басқармасының әншісі Аманқос Абылхановтың «Біз бұрғышы» әні көпшілікті серпілтіп тастады. №3 Мұнай газ өндіру басқармасының

ры Ақылбек Жеменей мен Тамара Асардың өнерін ерекше айта кетуге болады. Тамара Асар шырқаған «Ұшады Маңғыстаудан шағалалар» әні мұнайлы түбектің табиғатына деген зор мақтаныш сезімін көрсетсе, Ақылбек Жеменейдің «Мұнайшыларға алғыс» әні мерекедің «қара алтын» өндірісіндегі еңбегі ерен жандарға көрсеткен зор құрметтей болды.



МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ «МҰНАЙШЫ» МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНДА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА ҚАРАСТЫ БАСҚАРМАЛАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕН ҚҰРАЛҒАН 13 КОМАНДА ҚАТЫСҚАН «ҚАРА АЛТЫН-БАЙЛЫҒЫМ» ТАҚЫРЫБЫНДА «ЖАЙДАРМАН» ОЙЫНЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ТУРЫ ӨТТІ.

Ойынға командалардың барынша тиянақты дайындалғаны көрінді. Қоғамдағы небір келеңсіздіктерді әзілмен түйреген әзілкештер көрермендерді көздерінен жас аққанша күлдірді. Мысал ретінде айта кетсек, МӨҚЖТҚЖБ құрамасының қоғамдық көліктер жүргізушілерінің жолпатрульдік полиция қызметкерлерінен сақтануын жеткізген әзілдері ұтымды шықты. Сонымен бірге мекемемен іргелес орналасқан мейрамханадағы той-салтанаттардың жүрісін жұмысшылардың жаттап алғандығы қызықты әзіл болды. Ал №3 СҚКБ командасы өздерінің басқармаларындағы негізгі қызметті атқарып отырған ауыр техника – трактордың, ТТБ командасы автобустың пішінін қалқалап сахнаға шығып, ұйымдастырушылық

«ЖАЙДАРМАН» Жайдары күлкі сыйлады



қабілеттерінің, ауызбіршіліктерінің жоғары дәрежеде екендіктерін көрсетті. №3 СҚКБ командасының түрлі жылтырақтармен киініп, Астанадағы ғимараттарды «сөйлетулері» де ерекше көрініс тауып, езу тарттырды. №2 МГӨБ командасының ойнаған «ақын жігіттің дүкенге баруы» әзілі көпшілікті қыран-топан күлкіге батырды. Сондай-ақ Өзен-энергомұнай басқармасының тамаша әзілдері, Бұрғылау жұмыстары басқармасының астарлы әзілдері, №3, №4 МГӨБ-терінің ойлы әзілдері көрермендерді жалықтырған жоқ. «Жайдарман» ойынында әділқазылар алқасының төрағасы болған Наурыз Сақтағанов аталмыш ойынның дәстүрлі түрде өткізілуі «Өзенмұнайгаз»

компаниясының қоғамның, еліміздің өркендеуіне «қара алтынды» өндірумен ғана емес, рухани дамуға да қосып жатқан үлесі деп білгеніміз жөн екендігіне тоқталып өтті. «Ойын-компания жастарының өзара ынтымағы мен рухани-мәдени байланысына кең өріс ашады»-деді ол. Ойын нәтижесінде №1,3МГӨБ, №3СҚКБ, ӨЭМБ, ӨТҚЖЖБ, АжТБ, ТТБ, БЖБ құрама командалары ақтық мәреге жолдама алды. Командалар Жайдарманның ұйымдастырушылары – Жұртшылықпен байланыс департаментіне және ойынға қатысуларына мүмкіндік жасаған өз басқармаларының басшыларына алғыстарын білдірді. Көңілді шара мәнді де мазмұнды, өте жоғары деңгейде өтті.

Мерекеге арналып БӘЙГЕ ӨТКІЗІЛДІ



МҰНАЙ ГАЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН, «АРМАН ТҰЛПАРЛАРЫ» ЖАҢАӨЗЕН АТ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚҰЛАНДЫ ЕЛДІМЕКЕНІНІҢ ИППОДРОМЫНДА БӘЙГЕ ӨТКІЗІЛДІ.

Бәйгеде аламан, тай, құнан шабыстарына небір желмен жарысқан сәйгүліктерге мінген шабандоздар меже сызығын бірінші болып кесуге бар күш-жігерін салып бақты. Шарада сөз сөйлеген бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров бәйгеде ұлттық намыс, ұлттық рух бар екендігін айтты. Мерекелік 2 айналымнан тұратын 6 шақырымдық тай жарысында 24 қатысушы болып, оның 1-ші ор-

нын Қ.Қойшыбаевтың Айкөркем аты иеленсе, жалпы 7 орын белгіленді. 3 айналымды 9 шақырымдық құнан жарысында қатысқан 7 тұлпардың арасынан 3 орын белгіленіп, А.Құрақбаевтың Зарибы бірінші жүлдені иеленді. Ал аламан бәйгеде барлығы 12 ат жарысып, бейнеулік Ә.Таңатаровтың Ақжолы алғашқы орынды алды. Сәйгүліктердің ішінен топ жарған жүйріктердің иелері диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Өзенэнергомұнай басқармасында 37 жылдан бері табан аударма-стан жұмыс жасап келе жатқан Әбіш Боранбаев 1954 жылы 16 тамыз айында Форт-Шевченко қаласы Аташ кентінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. 1968 жылы отбасы жағдайына байланысты әке-шешесі Жаңаөзен қаласына қоныс аударды.



Әбіш аға туралы әпсана

сәт екен» – дейді күлімсіреп.

Әйтсе де, бүкіл саналы ғұмырын ел экономикасының өсіп-өркендеуі жолына арнаған ардагер аға өмірге еш өкпесі жоқтығын айтады. Алғашқы еңбек жолын электр жөндеушісі болып бастаған ол цех орынбасары, техника қауіпсіздігі және өндірістік-техникалық бөлімде учаске бастығы, энергетика бөлімінде жетекші инженер, бас инженер жұмыстарын аса жауапкершілікпен атқарды.

Альберт Эйнштейннің «Жетістікке жетуге ұмтылма, пайдалы болуға тырыс» деген қанатты сөзін өзінің өмірлік ұстанымы етіп алған ол қай қызметті атқарса да, барынша қоғамның іргерілеуі үшін пайдалы болуға тырысып бақты.

Әдеби кітапты өмірлік серігіне айналдырған мұнайшы «Бүгінгідей қым-қуыт тіршілікте кітап оқу керек деген сөзім әлдекімдерге ерсі көрінуді мүмкін. Көпшілігіміздің үйде жатып, теледидар көріп, уақытты босқа өткізетініміз өкінішті-ақ! Кітап жанға ләззат сыйлайды, миды тыныштандырады, дүние-танымды кеңейтеді, жан дүниенді байытады, сөйлеу мәдениетінді жақсартады, ақыл-ойыңды тереңдетеді...ең бастысы, адамды адам етеді» – дейді ағынан жарылып.

Алыста қалған жылдарына ойша саяхат жасаған мақала кейіпкері сыйлас болған әріптестерін де сағынышпен еске алды. «Мені алғаш жұмысқа қабылдаған Дәрмен Бекімов аға бүгінде Атырау

қаласында тұрып жатыр. Энергетик мамандығының қыр-сырын үйретіп, менің маман ретінде қалыптасуыма тікелей ықпал еткен Рахман Тілеуов, Мақсым Танабаев, Әбіл Күзембаев, Аманкелді Мұхамедияров деген жақсы ағалар бүгінде бақиға озып кетті»-дейді ол.

Қазіргі таңда, компанияға жаппай енгізіліп жатқан жаңа технологиялардың құлағында ойнап, оларды жетік меңгеру үшін жас мамандарға ерінбей-жалықпай өз білімдерін өздері үнемі жетілдіріп отырса, нұр үстіне нұр болатындығын айтқан Әбекең күні бүгінге дейін өзінің кәсіби журналдарды жаздыртып алатындығын айтты.

Отбасының шырайы бола білген жан жары Жансұлу екеуі үш ұл тәрбиелеп, бүгінде олардан балдай тәтті немерелер сүйіп отыр. Өзі есімін қойған Сағынай деген немересі биыл Алматы қаласындағы құрылыс және архитектура колледжине оқуға түсіп, атасын қуантты.

Бұл күнде зейнеткерлікке демалысқа шығып жатқан әріптесімізді құрметті демалысқа шығуымен шын жүректен құттықтаймыз. Оған қосағыңызбен қоса ағарып, ұрпағыңыздың қызығын көре беріңіз. Қоршаған ортаң, ел-жұртың, ту тіккен Отаның аман болғай! – деп тілек айтамыз. Компания үшін адал қызмет жасаудан басқа ойы болмаған өзіңіз сияқты аға буын өкілдерінің біз үшін қашанда орны бөлек.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ.

Бірлікті қамдаған АЗАМАТ

Осы бір қарапайым, жылы жүзді, сабырлы кісіні маңайындағылардың бәрі ерекше құрметтеп, жақсы көреді. Әңгіме Нысанбай Аға Союнов туралы.



Бұл кісінің Мұнай дайындау және жөнелту цехында технология телімінің шебері болып жұмыс жасағанына да жиырма жылдан асып кетіпті. Осы жылдар ішінде ұжымдастарына жұмыс барысында кездесетін қиындықтарда жөн сілтеп, бағыт-бағдар беріп, білмегенін үйретіп, жұмыстың қыр-сырын меңгертуден әсте жалыққан емес. Ол – өз ісін жетік білетін майталман маман, шебер

ұйымдастырушы, іскер басшы ғана емес, жанындағы адамдардың жан дүниесін түсінетін, үнемі көмек қолын созатын адамгершілігі жоғары, парасатты жан. Нысанбай аға осындай қасиеттерімен өз ортасында үлкен беделге ие. Жұмысқа жаңа орналасқан жас мамандарға жұмыстың қыр-сырын меңгертумен қатар, сол ортаға сіңіп кетуіне де үнемі жағдай жасап отырады. Нысанбай аға жанұяда да жолы болған адам. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерелерін қызықтап отырған асқартау әке, сүйікті ата. Ұжымның ұйытқысы, жанұяның жанашыры Нысанбай аға бүгінде алпыстың асқарына шығып жатыр. Ержігіттің өмірінің тал түсі саналатын алпыс жасымен ұжымдастар Нысанбай ағаны шын жүректен құттықтап, өздерінің жүрек жарды ақ тілектерін мына бір өлең шумақтарымен жолдады.

Көрсеткен жақсы істермен көпке үлгі,
Үйреткен жастарға әркез білмегенді.
Сіз секілді жаны жайсаң жақсы адамдар,
Қылады мағыналы мына өмірді.
Жақсыны жақсы десең нұры тасыр,
Азаматсыз көңілі дархан, жаны асыл.
Кетпесін шаңырағыңыздан бақ-береке,
Немерелер төріңізде салсын асыр.
Құтты болсын асқаралы алпысыңыз,
Аман болсын отбасы, жан-жағыңыз.
Деніңіз сау, қуаныш көп, уайым жоқ,
Домаласын өрге қарай тасыңыз!

Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету басқармасының ұжымы.





Мұнайшы – мәртебелі мамандық



Темірден түйін түйген Ерхан

«Темірдің жүрмейтін жері жоқ», – деп жылы жымияды Ерхан. Болмысынан бос сөзге жоқ, әр нәрсеге қырағы қарап, ұқыпты орындауды жаны сүйетін ол темір жонушы болғанына түк те өкінбейді.

Ол мамандықты таңдаған жоқ. Әкеден келе жатқан кәсіп-тын. Баянбай ата жастайынан темірді «таныды». Темір арқылы ел оны таныды десек, артық айтқандық болмас. Сол әкенің сүйікті ісі жанұядағы бес баланың екеуіне берілді. Қалғандары қыздар болмағанда, олар да темір жонушылар болар ма еді?!

Бала күнінен еңбектің қазанында қайнап, істің ебін білген Ерханға темір жонушы мамандығын игеру оңай-ақ болды. Машина жасау және металл өңдеу, металл кесуші құрылғылар маманы деген жоғары білімі бар. «Теория керек, ал тәжірибе жүзінде білу – одан да маңызды», – дейді Ерхан.

25 жыл темір жонушы болған Ерхан бұл қызметке қатысты өзгелердің пікірін түбегейлі өзгерте алады. «Темір жонушы математикаға мықты болу керек. Есептесен, еткенің еш. Химия мен материалтануды білмесең, апатты жағдайға апарар құрылғы дайындап бересің. Физиканы меңгермеген болсаң, металдың қасиетінен хабарсызсың. Қауіпсіздік ережелерін сақтамайтын болсаң, цехқа кірмей-ақ қой», – дейді ол.

Мамандығының қыр-сырын меңгерген Ерхан Сүгіров 2014, 2015 жылдарда «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ еншілес мекемелері арасында өткен яғни «Үздік маман» байқауларының 3-ші кезеңдерінің жеңімпазы. Екі жыл қатарынан 4 бірдей мекемеден дара танылған темір жонушыларды өзінің кәсіби білігі, шеберлігі, ұқыптылығы арқасында жеңді. Жақында өткен 2017 жылдың байқауынан да соңғы бөлімге жолдама алып отыр. Сайыста темір жонушыларға қойылатын сан талап - сапа, шапшаңдық, тазалықты ол мүлтіксіз орындайды. Ерханның жонған темірлері құдды темір емес, айна дерсің! Сапасына да талайлар сын айта алмаған.

Жалақы үшін жұмыс жасайтындардан жақсы маман шықпайтынын айтады ол. Адалдық пен ізденімпаздық – барлық салада адамды алға сүйрейтін жақсы қасиеттер, дейді. «Білгенім - бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» дейтін Ерхан өзі қызмет ететін МӨҚЖТКЖБ-ның бұрынғы темір жонушылары, қазіргі технолог мамандары Сүйіндік Ақжігітов пен Сырлыбай Мұхановты тек жұмыстас емес, рухтас, тілектес жандар деп біледі. Себебі әр жеңісті сәттерінде олардың ақыл-кеңестері пайдаға асып, қажетіне жараған. Ал өзі шәкірт тәрбиелеуді мақсат етпегенмен, жұмыс барысында кейінгі жас мамандарға көмектесуден, білгенін үйретуден жалыққан емес.

Барлық қозғалысы темірге «тірелген» мұнай-газ өндірісінде темір жонушының рөлі зор. Ал кәсібін толық игерген Ерхан сынды үздік мамандар мекемеге керек-ақ!

Мамандығым – мақтанышым



«Өмірде үш нәрсені таңдағанда қателеспеу керек» дейміз. Соның бірінің мамандық таңдау екенін білеміз. Мамандық таңдауда жаңылған адам еңбекке жарамды шағының барлығын сүлесок өткізетін секілді. Ұнатпай істеген істің өнімсіз хәм сапасыз болатынына күмән жоқ.

Жаңаөзеннің тумасы Амангелді Ермұхановтың мамандық таңдауда жолы болды. Оның қатарластарының көбі орта және негізгі орта мектептерді бітіріп жатқанда мұнай саласындағы мамандықтарды игеруге ден қойды. Амангелді де солармен бірге мұнай-газ операторы кәсібін игерді. Дүрмекке ерді деуге келмес, себебі ол осы мамандықты оқымай тұрып, жан-жақты зерттеп, қажеттілігін түсініп барып құжаттарын тапсырған болатын. Арманы «қара алтын» өндірісінде қызмет етіп, мұнайшының арнайы киімін кию болатын.

Өзі қалап меңгерген кәсібі бүгінгі таңда маманды жалықтырмайды. Керісінше, Амангелді жұмысқа зор құлшыныспен келеді. Осы жұмысты абыроймен атқарып келе жатқанына 15 жылға жуық уақыт болды. Зерттеу жұмыстары цехына келгеніне де 7 жылдан асты. Ол күнделікті өзіне тапсырылған жұмыстарды тиянақты атқарады. Басшыларының да оң бағасын алып жүр.

Амангелді – «Үздік маман – 2017» кәсіби байқауының 2-ші кезеңінің жеңімпазы. Өзінің сүйікті мамандығының қыр-сырын жете білетіндігін ол осылай дәлелдегендей. Алда сайыстың 3-ші бөлімі күтіп тұр. Алғыр мұнайшыға кәсіби сында шеберлігін көрсетіп, сайыстан дара танылуды тілейміз.



Үздіктер қатарындағы Асхат

Қашан көрсең қалбалақтап кетіп бара жатады. Зырылдап жүргені – жұмыстың реті. Қолы да бос болмайды. Резеңке қолғапты киіп, үлкеңдеу қобдишаны көтеріп жүреді. Бұл – «Өзенэнергомұнай» басқармасы Өндірістік-энергетикалық қызмет №2 релелік қорғау және автоматтық қорғау цехының электр жөндеушісі Асхат Тасқараев. Қобдиша толы тоқтың құрал-жабдықтары. Жөндейтін – істен шыққан өндіріске қажетті құрылғылар.

5-ші дәрежелі маман Асхатқа артылған жүк ауыр. Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтамаса, өмірге қауіпті электр жөндеушісі болып 7 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Арнаулы оқу орнын үздік тәмамдаған маман. Осы жұмысын атқара жүріп те ол үздіктер қатарынан көрініп жүр. Өткен жылдан бастап мұнайшылар арасындағы кәсіби байқауда бағын сынауда. «Үздік маман-2016» байқауынан басқарма аралық жарыста III орынды иеленсе, биылғы сыннан I дәрежелі жүлдені еншіледі. Электр жөндеушісі Асхатты алда байқаудың 3-ші бөлімі күтіп тұр. Жоспарлы сында өзі қызмет ететін «Өзенмұнайгаз» АҚ абыройын арттырып, өзінің мамандығы бойынша кәсіби білім-білігін мүлтіксіз көрсетуге дайындалуда.

Мұнай-газ өндірісіндегі аса қажетті мамандықтың бірін меңгеріп, оны тиісті дәрежесінде атқарып жүрген Асхат Тасқараевтан күтер үміт зор. Мекеме мақтанышына тек ғана биік белестерді бағындырсын деп тілектестік білдіреміз.

Жас келсе – іске...



«Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де талап қыл» дейді дана халық. Жасұланның сан түрлі мамандықтың ішінен жаны қалағаны – мұнайшы кәсібі. Бүгін де жас та болса жігерлі Жасұлан өз кәсібінің нәсібін көре бастады. Жасұлан Қарақұлов – «ӨМГ» АҚ №3 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты қабат қысымын сақтау цехының операторы. Жұмысқа араласқанына 7 жылға жуық уақыт болды. Осы аралықта өз ортасынан дара танылып, түрлі кәсіби байқауларға қатысып жүр. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның еншілес мекемелері арасында жыл сайын дәстүрлі «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы өтеді. 3 бөлімнен тұратын сайыстың алғашқы туры басқармалардың өзінде ұйымдастырылады. Жасұлан 3 жыл қатарынан сол бөлімде алдына жан салмаған. Өзенмұнайгазға қатысты 16 басқармадан үздік танылғандар өзара бақ сынасатын екінші бөлімде Жасұлан 2015 жылы жеңімпаз атанды. Биыл да сыннан сүрінбей өтіп, 3-ші турға жолдама алып отыр. Жасұлан: «Кәсіпті арнайы оқу орнында меңгеру кезінде бар ынта-ықыласыммен оқыдым. Соның арқасында күнделікті жұмысымда еш қиындық жоқ. Жарыстарға барғанда да аса қиындық көрмеймін. Бұл білгеніммен тоқтап қалмасым анық. Сондықтан әлі де оқимын. Себебі Мағжан атамыз айтқандай, арыстандай айбатымыз, жолбарыстай қайратымыз бар кезде сенімді ақтап, кен орынды игеруге барынша кәсіби білім-білікпен атсалысуымыз керек», – дейді.

Жасұланның әріптестері оның жауапкершіліктілігін, тиянақтылығын, білмегенін сұрап үнемі ұмтылыспен жұмыс жасайтынын жақсы қасиеттері деп бағалайды. Жас та болса, жетістігі бар маманды үлгі тұтады.

Индира СӨТЕНБАЕВА.



Құттықтау

*Құрметті
Чаурыз Өзбекұлы!*

Сізді 60 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Еңбекте алда, ортада сыйлы болыңыз. Шаңырағыңызға шаттық пен амандық, қызметіңізге жетістіктер тілейміз. Табыстан табысқа жетіп, өзіңіздің сүйікті ұжымыңыздың арасында қадіріңіз артып, сыйыңыз еселене берсін!



*Ардақты
Сырлыбай Ергалиұлы!*



Ердің жасы – 50-ге жеттіңіз! Азаматтық тұлғаңызды сақтап, адамдық бет-бейнетіңізге көлеңке түскен кезіңіз жоқ. Еңбекте алда, ұжымда сыйлы болдыңыз. Ортада жүріп, әрқашан ұжымның сенімін арқалап қызмет атқарып келесіз. Осы қалпыңыздан танбай, жұмысыңыз жемісті, деніңіз сау, жан-жағыңыз аман болып, 100 жасаңыз!

*Аса қадірлі
Сергей Оңайбайұлы!*

Сізді 50 жас туған күніңізбен құттықтаймыз. «Бірінші байлық – денсаулық» дейді, деніңіз сау болып, ойлаған армандарыңызға, көздеген мақсаттарыңызға жете беріңіз. Шаңырағыңыздан құт-береке кетпесін. Қашан да ұжымда абырой биігінен көрініп, өзіңізге жүктелген міндеттерді қалтқысыз орындадыңыз. Алда да сол қалпыңыздан өзгермеңіз. Өмір жасыңыз ұзақ болсын!



Игі тілекпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымы

ЕРАЛЫ – MMA ережесіз жекпе-жектен Қазақстан чемпионы

Көптің ішінен небір дарындар шығады. «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің арасында ғалымдар да, өнерпаздар да, спортшылар да бар. Олар аздық етпейді. Ал қызметкерлердің туыстарының арасында ел намысын қорғап жүргендері де жетерлік. Солардың бірі – №5 СҚКБ көлік жүргізушісі Ералы Әбдіров.



Ералы Әбдіров – Маңғыстаудың мақтанышы. 22 жасар жігіттің алған асулары ауыз толтырып айтуға жетеді. 2014 жылдан бастап Жаңаөзен қалалық Оқушылар шығармашылық үйіндегі Арман Сұлтанбаевтың кудо спорт үйірмесіне қатысып, спортқа деген алғашқы қадамын жасайды. Келесі жылдан бастап-ақ грепплингтен өткен Қазақстан чемпионатына барып, жеңімпаз атанады. 2016 жылы панкратионнан Қазақстан және Азия чемпионы болады. Ал биыл MMA ережесіз жекпе-жектен Қазақстан чемпионы болып отыр. Сондай-ақ облыстағы «Найзафайтер» клубында 3 рет кәсіпқой ережесіз жекпе-жек өткізіп, жеңіске жеткен. «Алаш прайд» кәсіпқой ережесіз жекпе-жек клубында да ойын көрсеткен. «Максимум» деген лақап атпен шаршы алаңға шығатын жас жігіттің бапкері Арман Сұлтанбаев болса, үлгі тұтатын спортшысы – Арман Оспанов. Талантты спортшылардан тәлім алып жүрген Ералы MMA ережесіз жекпе-жек және панкратионнан Қазақстан құрамасының мүшесі, спорт шебері. ОШҮ-де спорттық үйірмелер жетекшісі болып қызмет атқарады.

Ералының жарыстарға қатысуына ағасы Жамбылдың да өз үлесі бар. Ал бапкері Арман Сұлтанбаев: «Ералыны спорт

сүйер көпшілік бүгінге дейін танып үлгерді десек артық айтқандық емес. Ол – талантты жас. Менің кудо спорт үйірмеме қатысушылар көп. Солардың арасынан дара танылған жігіт. Осы уақытқа дейін ел намысын қорғап, өлке абыройын арттырып жүрген осындай жігіттерді дайындауыма мүмкіндік жасап келе жатқан өзім қызмет ететін «ҚазГӨЗ» ЖШС директоры Карим Нағманов, цех басшысы Қуаныш Жұбанышов, кәсіподақ төрағасы Сартай Қаракүшіков ағаларыма алғысымды білдіргім келеді. Оған қоса жарыстарға кетерде үнемі қолдау білдіретін «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов ағамызға да ризашылығымыз зор. «Жанам деген жүрекке от беретін, шабам деген жігітке ат беретін» азаматтар аман болса, Ералы сынды талантты жастар топтан оза беретіні сөзсіз», – дейді.

Ералы қазіргі таңда кезекті жеңісін олжалауға дайындықты бастап кеткен. Ол кудодан Азия чемпионатына қатысуға әзірлік жасауда. Оған қоса тәжірибе алмасу мақсатында Дағыстанға баруды жоспарлап отыр.

Жаңаөзеннен шыққан MMA ережесіз жекпе-жектен Қазақстан чемпионына шыққан биігінен құлама, белестерді бағындыра бер демекпіз.